

"Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2026 жылғы 27 қаңтардағы № 10 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 карашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң бірақ ерте дегенде Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасында тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде электрондық ақпаратпен алмасу туралы хаттамаға қол қойылған күнінен кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2026 жылғы 27 қаңтардағы
№ 10 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестердің сыртқы және өзара саудасын интеграцияланған ақпараттық жүйе құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 06 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы №169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №124 шешімі;

Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде осындай шарттар тараптарының электрондық ақпараттық өзара іс-қимылын көздейтін Одақтың және оған мүше мемлекеттердің үшінші елдермен жасасқан халықаралық шарттары (осындай халықаралық шарттардың ережелерін дамытатын хаттамалар) (бұдан әрі – үшінші елмен жасасқан халықаралық шарттар).

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылардың арасындағы, осы жалпы процестің шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау үшін, сондай-ақ жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"техникалық шарттар" – үшінші елмен халықаралық шартта көзделген және ақпараттық алмасуды іске асыруға қойылатын техникалық талаптарды, оның ішінде сервистердің, электрондық хабарлардың құрамын, деректердің құрылымын, пайдаланылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштардың құрамы мен мазмұнын, сондай-ақ осындай алмасуға қатысушылар арасындағы ақпарат алмасудың тәртібі мен регламентін айқындайтын құжат;

"үшінші ел" – Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекет;

"мүше мемлекеттің уәкілетті органы" – мүше мемлекет тауардың шығу тегі туралы сертификаттар беруге уәкілеттік берген және үшінші елмен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес айқындалған орган немесе ұйым;

"үшінші елдің уәкілетті органы" – үшінші ел тауардың шығу тегі туралы сертификаттар беруге уәкілеттік берген және үшінші елмен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес айқындалған орган немесе ұйым;

"мүше мемлекеттің орталық кеден органы" – мүше мемлекет мемлекеттік саясатты әзірлеу және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берген және (немесе) кеден ісі саласындағы бақылау және қадағалау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

"үшінші елдің орталық кеден органы" – үшінші ел мемлекеттік саясатты әзірлеу және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берген және (немесе) кеден ісі саласындағы бақылау және қадағалау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

"тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі" – тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорларын қалыптастыру және тауардың шығу тегі туралы сертификаттардан электрондық түрде мәліметтер ұсыну (алу) мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен үшінші елдің орталық кеден органы арасында, сондай-ақ үшінші елдің уәкілетті органы мен мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары арасында ақпарат алмасуды іске асыру оның шеңберінде қамтамасыз етілетін таратылған ақпараттық жүйе.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартта және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту мәселелері жөніндегі Одақ органдарының актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленуі: Р.ЕЕ.01, 1.0.0-нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаттары мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаттары:

а) Одақ пен үшінші елдер арасындағы еркін сауда аймағы шеңберінде сыртқы сауданы дамытуға жәрдемдесу;

б) кедендік операцияларды жүргізу уақытын қысқарту және тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқалығын, берілу фактісін және мазмұнын, сондай-ақ ақпарат алмасуға қатысушы мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылардың тарифтік преференциялар алуының заңдылығын растайтын ақпараттың сенімділігін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету жолымен кедендік бақылау рәсімдерін жеделдету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының берілген кез келген сертификаттың мазмұнын тексеру үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорына құру арқылы халықаралық практикаға сәйкес сыртқы экономикалық қызметте қағазсыз технологияларды пайдалану болып табылады.

8. Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу талап етіледі:

а) тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорларын қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

б) электрондық құжаттар және (немесе) электрондық түрдегі мәліметтер түрінде тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорларынан мәліметтерді кедергісіз және тегін ұсынуды ұйымдастыру;

в) тауардың шығу тегі туралы сертификаттардан электрондық түрде мәліметтер ұсыну (алу) мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен үшінші елдің орталық кеден органы арасында, сондай-ақ үшінші елдің уәкілетті органы мен мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

--	--	--

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.EE.01.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	мыналарды: тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру (күшін жою (кері қайтарып алу)) фактісі бойынша осы мәліметтерді үшінші елдің орталық кеден органына ұсыну үшін Комиссияның интеграциялық сегментіне осындай сертификат туралы мәліметтерді жіберетін; Комиссияның интеграциялық сегментінен тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алуды жүзеге асыратын; Комиссияның интеграциялық сегментінен келіп түскен үшінші елдің орталық кеден органының сұрау салуына жауап ретінде тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді не оның болмауы туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ететін; мүше мемлекеттің уәкілетті органы үшінші елдің орталық кеден органынан берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсынуға Комиссияның интеграциялық сегментінен сұрау салу алуды жүзеге асыратын; мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді не жаңартулардың жоқтығы туралы ақпаратты ұсынуды және оларды Комиссияның интеграциялық сегментінен келіп түскен үшінші елдің орталық кеден органының сұрау салуына жауап ретінде жіберуді қамтамасыз ететін тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорын қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ететін мүше мемлекеттің уәкілетті органы
		мыналарды: тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру (күшін

Р.ЕЕ.01.АСТ.002	мүше мемлекеттің орталық кеден органы	жою (кері қайтарып алу)) фактісі бойынша үшінші елдің уәкілетті органы ұсынған Комиссияның интеграциялық сегментінен осындай сертификат туралы мәліметтерді алуды және өндеуді қамтамасыз ететін; үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерге сұрау салуды қалыптастыруды және Комиссияның интеграциялық сегментіне жіберуді қамтамасыз ететін; үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді не сұратылған мәліметтердің жоқтығы туралы ақпаратты Комиссияның интеграциялық сегментінен алуды жүзеге асыратын; үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастыруды және Комиссияның интеграциялық сегментіне жіберуді қамтамасыз ететін; үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді немесе жаңартулардың жоқтығы туралы ақпаратты Комиссияның интеграциялық сегментінен алуды жүзеге асыратын мүше мемлекеттің орталық кеден органы
		Еуразиялық экономикалық комиссия: мүше мемлекеттің уәкілетті органынан үшінші елдің орталық кеден органына жіберу үшін, оның ішінде оның сұрау салуы бойынша мәліметтер: тауардың шығу тегі туралы берілген сертификат туралы мәліметтер; мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі

P.ACT.001	үйлестіруші	туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтер; мәліметтердің (жаңартулардың) жоқтығы туралы ақпарат алуды; мүше мемлекеттің уәкілетті органына үшінші елдің орталық кеден органынан келіп түскен тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды немесе тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсынуға сұрау салу жіберуді; мүше мемлекеттің орталық кеден органына тауардың шығу тегі туралы берілген сертификат туралы мәліметтерді жіберуді; үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді мүше мемлекеттің орталық кеден органына жіберуді; мүше мемлекеттің орталық кеден органына мәліметтердің (жаңартулардың) жоқтығы туралы ақпарат жіберуді; мүше мемлекеттің орталық кеден органынан үшінші елдің уәкілетті органына жолдау мақсаттары үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды немесе тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алуды қамтамасыз ететін ақпараттық өзара іс-қимылды үйлестіреді және Комиссияның интеграциялық сегментінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді
-----------	-------------	---

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

- а) тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдері;
- б) тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері.

11. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттің орталық кеден органы Комиссияның интеграциялық сегментінен мынадай мәліметтер түрлерін алуды жүзеге асырады:

а) Одақтың үшінші елмен жасасқан халықаралық шартында (техникалық шарттарда) белгіленген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсыну регламентіне сәйкес оны беру (күшін жою (кері қайтарып алу) фактісі бойынша үшінші елдің уәкілетті органы ұсынатын осындай мәліметтер;

б) мүше мемлекеттің орталық кеден органының тиісті сұрау салуына жауап ретінде үшінші елдің уәкілетті органы ұсынатын тауардың шығу тегі туралы берілген сертификат туралы мәліметтер не сұратылатын мәліметтердің жоқтығы туралы ақпарат ;

в) мүше мемлекеттің орталық кеден органының тиісті сұрау салуына жауап ретінде үшінші елдің уәкілетті органы ресімдеген және берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтер не жаңартулардың жоқтығы туралы ақпарат.

Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2026 жылғы 27 қаңтардағы № 10 шешімімен бекітілген "Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Орталық кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2026 жылғы 27 қаңтардағы № 10 шешімімен бекітілген "Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

12. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде мүше

мемлекеттердің уәкілетті органдары Комиссияның интеграциялық сегментіне оларды кейіннен үшінші елдің орталық кеден органдарына ұсыну мақсаттары үшін мынадай мәліметтер түрлерін ұсынуды қамтамасыз етеді:

а) Одақтың үшінші елмен жасасқан халықаралық шартында (техникалық шарттарында) белгіленген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсыну регламентіне сәйкес оны беру (күшін жою (кері қайтарып алу) фактісі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынатын осындай мәліметтер;

б) үшінші елдің орталық кеден органының тиісті сұрау салуына жауап ретінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған тауардың шығу тегі туралы берілген сертификат туралы мәліметтер не сұратылған мәліметтердің жоқтығы туралы ақпарат;

в) үшінші елдің орталық кеден органының тиісті сұрау салуына жауап ретінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы ресімдеген және берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтер не жаңартулардың жоқтығы туралы ақпарат.

Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2026 жылғы 27 қаңтардағы № 10 шешімімен бекітілген "Тауарлардың шығу тегін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің арасында электрондық ақпараттық алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

13. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

14. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процестің рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

15. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процестің рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтірілген. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық нотациясы (бірыңғай модельдеу тілі – UnifiedModelingLanguage) қолданыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдерінің тобы

16. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдері мүше мемлекеттің орталық кеден органының Үйлестірушіден үшінші елдің уәкілетті органы ұсынатын тиісті мәліметтерді алуы мақсатында орындалады.


Алынатын мәліметтердің түріне қарай тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

"Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.001);

"Сұрау салу бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.002);

"Тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.003).

17. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

18. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.EE.01.PRC.001	тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу	мүше мемлекеттің орталық кеден органы үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға арналған
P.EE.01.PRC.002	сұрау салу бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алу	мүше мемлекеттің орталық кеден органы сұрау салу бойынша үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алуға арналған
		мүше мемлекеттің орталық кеден органының Одақтың үшінші елмен жасасқан халықаралық шартында (техникалық шарттарында) белгіленген

P.EE.01.PRC.003	тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алу	тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсыну регламентіне сәйкес оны беру (күшін жою (кері қайтарып алу) фактісі бойынша үшінші елдің уәкілетті органы ұсынатын осындай мәліметтерді алуына арналған
-----------------	--	--

5. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

19. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді кейіннен үшінші елдің орталық кеден органына беру үшін Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсыну мақсатында орындалады.


Ұсынылатын мәліметтердің түріне қарай тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

"Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсыну" (P.EE.01.PRC.004);

"Сұрау салу бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.EE.01.PRC.005);

"Тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.EE.01.PRC.006).

20. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

21. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.EE.01.PRC.004	тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсыну	үшінші елдің орталық кеден органының сұрау салуы бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсынуға арналған
P.EE.01.PRC.005	сұрау салу бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсыну	үшінші елдің орталық кеден органының сұрау салуы бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға арналған
		мүше мемлекеттің уәкілетті органының Одақтың үшінші

P.EE.01.PRC.006	тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсыну	елмен жасасқан халықаралық шартында (техникалық шарттарында) белгіленген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсыну регламентіне сәйкес оны беру (күшін жою (кері қайтарып алу) фактісі бойынша осындай мәліметтерді үшінші елдің орталық кеден органына ұсынуына арналған
-----------------	--	--

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

22. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы мәліметтер немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.EE.01.BEN.001	тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқоры	мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық деңгейде құратын, мүше мемлекеттің осы уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы электрондық сертификаттарды және (немесе) тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы электрондық түрдегі мәліметтерді қамтитын дерекқор, сондай-ақ мүше мемлекеттің орталық кеден органы ақпарат алмасу нәтижелері бойынша ұлттық деңгейде қалыптастыратын, үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурс
P.EE.01.BEN.002	тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтер	тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

23. Мүше мемлекеттердің орталық кеден және уәкілетті органдарының ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін мәліметтерді берудің уақтылығы мен толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды

сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалары мен сыныптауыштары


24. Ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде пайдаланылатын ақпаратты кодтау үшін техникалық шарттармен айқындалған анықтамалықтар және (немесе) сыныптауыштар қолданылады.

VIII. Жалпы процестің рәсімдері

1. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді алу рәсімдері

"Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.001) рәсімі

25. "Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. "Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

26. "Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.001) рәсімі үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді сұрату және алу мақсатында тұрақты негізде орындалады.

Егер ақпараттық өзара іс-қимылдың мұндай түрі Одақтың үшінші елмен жасасқан халықаралық шартында (техникалық шарттарында) көзделген жағдайда, рәсім белгілі

бір үшінші елге қатысты орындалады. Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді сұратудың және алудың уақытша регламенті техникалық шарттармен айқындалады.

27. Бірінші болып "Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастыру және жіберу" (P.EE.01.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің орталық кеден органы үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияның интеграциялық сегментіне жібереді.

28. Комиссияның интеграциялық сегментіне үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салу түскен кезде "Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды үшінші елдің уәкілетті органына жіберу" (P.EE.01.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салу үшінші елдің уәкілетті органына жіберіледі.

29. Комиссияның интеграциялық сегментіне үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтер немесе "Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды үшінші елдің уәкілетті органына жіберу" (P.EE.01.OPR.002) операциясын орындау шеңберінде жіберілген сұрау салуға жауап ретінде қалыптастырылған жаңартулардың жоқтығы туралы ақпарат түскен кезде, "Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу және жіберу" (P.EE.01.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтер не жаңартулардың жоқтығы туралы хабарлама мүше мемлекеттің орталық кеден органына жіберіледі.

30. Мүше мемлекеттің орталық кеден органына үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтер не жаңартулардың жоқтығы туралы хабарлама келіп түскен кезде "Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.EE.01.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің орталық кеден органы үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан алынған жаңартылған мәліметтерді не

жаңартулардың жоқтығы туралы хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады,. Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтердің құрамында мәліметтердің мынадай түрлері берілуі мүмкін:

а) тауардың шығу тегі туралы сертификаттың берілген түпнұсқасы туралы (бұдан әрі – тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасы);

б) тауардың шығу тегі туралы сертификаттың берілген телнұсқасы туралы (қағаз жеткізгіште сертификат берілген жағдайда, бұдан әрі – тауардың шығу тегі туралы сертификаттың телнұсқасы);

в) бұрын берілгеннің орнына тауардың шығу тегі туралы берілген сертификат туралы (бұрын берілген сертификаттағы қателер немесе дәлсіздіктер анықталған жағдайда, бұдан әрі – ауыстыру үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат);

г) бұрын берілген тауардың шығу тегі туралы сертификаттың күшін жою (кері қайтарып алу) туралы (бұдан әрі – тауардың шығу тегі туралы күші жойылған сертификат).

31. "Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.001) рәсімін орындаудың нәтижесі мүше мемлекеттің орталық кеден органының үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді немесе жаңартулардың жоқтығы туралы хабарламаны алуы болып табылады.

32. "Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

"Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.EE.01.OPR.001	тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастыру және жіберу	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.EE.01.OPR.002	тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды үшінші елдің уәкілетті органына жіберу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы	

P.EE.01.OPR.003	сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу және жіберу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.EE.01.OPR.004	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

7-кесте

"Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастыру және жіберу" (P.EE.01.OPR.001) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.EE.01.OPR.001
2	Операцияның атауы	тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастыру және жіберу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің орталық кеден органы
4	Орындау шарттары	тұрақты негізде орындалады. Үшінші елдің уәкілетті органы ресімдеген және берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді сұратудың уақытша регламенті техникалық шарттармен айқындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Орталық кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияның

		интеграциялық сегментіне жібереді
7	Нәтижелер	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салу Комиссияның интеграциялық сегментіне жіберілді

8-кесте

"Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды үшінші елдің уәкілетті органына жіберу" (P.EE.01.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.EE.01.OPR.002
2	Операцияның атауы	тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды үшінші елдің уәкілетті органына жіберу
3	Орындаушы	үйлестіруші (операция Комиссияның интеграциялық сегментінде автоматты түрде орындалады)
4	Орындау шарттары	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салу Комиссияның интеграциялық сегментіне келіп түскен кезде орындалады ("Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастыру және жіберу" (P.EE.01.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
		орындаушы Орталық кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара

6	Операцияның сипаттамасы	іс-қимыл регламентіне және тиісті техникалық шарттарға сәйкес үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды алуды және үшінші елдің уәкілетті органына жіберуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салу үшінші елдің уәкілетті органына жіберілді

9-кесте

"Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу және жіберу" (P.EE.01.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.EE.01.OPR.003
2	Операцияның атауы	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу және жіберу
3	Орындаушы	үйлестіруші (операция Комиссияның интеграциялық сегментінде автоматты түрде орындалады)
4	Орындау шарттары	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуға жауап Комиссияның интеграциялық сегментіне келіп түскен кезде орындалады ("Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алуға сұрау салуды үшінші елдің уәкілетті органына жіберу" (P.EE.01.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы

		техникалық шарттарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтер не жаңартулардың жоқтығы туралы хабарлама мүше мемлекеттің орталық кеден органына жіберіледі
7	Нәтижелер	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтер не жаңартулардың жоқтығы туралы хабарлама мүше мемлекеттің орталық кеден органына жіберілді

10-кесте


"Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.EE.01.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.EE.01.OPR.004
2	Операцияның атауы	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің орталық кеден органы
4	Орындау шарттары	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтер не жаңартулардың жоқтығы туралы хабарлама алынған кезде орындалады ("Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді алу және жіберу" (P.EE.01.OPR.003) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен

		құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Орталық кеден органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған мәліметтерді қабылдауды және өндеуді орындайды. Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтердің құрамында мынадай мәліметтер түрлері берілуі мүмкін: а) тауардың шығу тегі туралы сертификаттың берілген түпнұсқасы туралы; б) тауардың шығу тегі туралы берілген сертификаттың телнұсқасы туралы; в) ауыстыру үшін тауардың шығу тегі туралы берілген сертификат туралы; г) тауардың шығу тегі туралы күші жойылған сертификат туралы
7	Нәтижелер	үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорынан жаңартылған мәліметтер не жаңартулардың жоқтығы туралы хабарламалар өңделді

"Сұрау салу бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.002) рәсімі

33. "Сұрау салу бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте көрсетілген.



5-сурет. "Сұрау салу бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

34. "Сұрау салу бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.002) рәсімі үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттың дұрыстығына қатысты негізделген күмән туындаған кезде не үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың дерекқорында тауардың шығу тегі туралы белгілі бір сертификат

туралы мәліметтер болмаған кезде, не қарапайым іріктеп тексеруді жүзеге асыру кезінде орындалады.

Егер ақпараттық өзара іс-қимылдың мұндай түрі Одақтың үшінші елмен жасасқан халықаралық шартында (техникалық шарттарда) көзделген жағдайда, рәсім белгілі бір үшінші елге қатысты орындалады.

35. Бірінші болып "Тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуды қалыптастыру және жіберу" (P.EE.01.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің орталық кеден органы үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияның интеграциялық сегментіне жібереді.

36. Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салу Комиссиясының интеграциялық сегментіне келіп түскен кезде "Тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді үшінші елдің уәкілетті органына ұсынуға арналған сұрау салуды жолдау" (P.EE.01.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салу үшінші елдің уәкілетті органына жіберіледі.

37. Комиссияның интеграциялық сегментіне сұрау салынатын мәліметтерге сұрау салуға жауап не олардың жоқтығы туралы ақпарат келіп түскен кезде "Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуға жауап ретінде келіп түскен мәліметтерді алу және жіберу" (P.EE.01.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтер не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама мүше мемлекеттің орталық кеден органына жіберіледі.

38. Мүше мемлекеттің орталық кеден органына сұрау салуға жауап ретінде үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтер не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама келіп түскен кезде "Үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуға жауап ретінде келіп түскен мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.EE.01.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің орталық кеден органы үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы алынған мәліметтерді не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

39. "Сұрау салу бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді алу" (P.EE.01.PRC.002) рәсімін орындау нәтижелері мүше мемлекеттің

орталық кеден органының үшінші елдің уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны алуы болып табылады.

